"АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ НҰРЕСІЛ АУЫЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Шығыс № 230
«19» 12 20 24 ж.

## Тамақтану сапасына мониторинг жүргізетін топ отырысының №4 хаттамасы

«19» желтоқсан 2024 жыл

**Күн тәртібінде**

Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру және тамақ сапасын бақылау жөніндегі комиссияның желтоқсан айындағы жүргізілген зерттеу нәтижесі: Журналдардың болуы және олардың уақтылы толтырылуын бақылау:

А)Бракераж журналы

Б) Тамақтану блогы қызметкерлерін күнделікті тіркеу жірналы

Өнімдердің технологиялық карталары

Тамақтану блогындағы тазалау жұмыстары кестесінің сақталуы

2. Әлеуметтік қорғалуға мұқтаж отбасынан (АӘК) және жекеленген әлеуметтік осал топ санаттарынан (аз қамтылған отбасынан шыққан, көп балалы және жалпы отбасы табысы күнкөріс деңгейінің төмен отбасылардан шыққан балалар және жетім балалар) шыққан оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары

**Тыңдалды:**

**Бірінші сұрақ бойынша** Нұресіл ауылы жалпы білім беретін орта мектебі бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы Гаферштейн А.А. сөз алды. Бүгін, яғни 19.12.2024 жылы мектеп асханасына комиссиямен барып қарадық.Бракераж комисссиясының бекітілген жоспары бойынша осы айда біз тексеретін параметрлер: журналдардың болуы және уақтымен толтырылуы(бракераж журналы, тамақтану блогы қызметкерлерінің күнделікті жағдайын тіркеу журналы), дайын өнімдердің технологиялық карталары және асхананы тазалау жұмыстарының кестесінің сақталуын тексеру болатын.

Тамақтану сапасын мониторингтау комиссиясы құрамы асханаға келгенде, ең бірінші бұл журналдардың бар екенін көрді. Сонымен қатар бұл журналдар уақытылы толтырылып отыр екен. Мектеп медбикесі Уразова Г.Б. бұл журналдарды күнделікті толтырып отыр, жазбалар сақталған.

Сондай-ақ, дайын өнімдерге арналған технологиялық карталар да бар екен. Барлығы папкаға ретімен салынған.

Асхананы тазалау жұмыстарының кестесі құрылған. Кесте бойынша жалпы тазалау жұмыстары әр аптаның жұма күндері екен. Бұл тазалауды тіркейтін журнал да бар екен.

**Екінші сұрақ** бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Дюсембаева Г.К. келесідей ақпараттар ұсынды. Бүгінгі таңда осал топтағы әлеуметтік көмек, яғни тегін ыстық тамақтануға 1-11 сынып оқушылары арасынан 12 баланың ата-анасы өтініш білдірген. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын 3 бала, отбасы табысы күнкөріс деңгейінен төмен – 8 оқушы бар. Ал 1-4 сыныптар бойынша 169 оқушы, демеуші есебінен 8 оқушы тегін тамақтанып жатыр. Жалпы оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы 100%.

**ШЕШІМ**

**Бірінші сұрақ** бойынша тамақ сапасын мониторингтау комиссиясы асхананың дұрыс,сапалы тамақтану жұмыстарын ұйымдастыруын үнемі қадағалауда ұстасын.

**Екінші сұрақ** әлеуметтік қорғалуға мұқтаж отбасынан (АӘК) және жекеленген санаттардан (аз қамтылған отбасынан шыққан және жетім балалар) шыққан оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын үнемі жалғастырсын.

**Мектеп директоры** **Конкыбаева А.О.**

Сканировано с CamScanner